

## **Талапкер ауылының ІТ мектеп-лицейі**

### **«Өзін-өзі басқару» ұйымының**

#### **ХАТТАМАСЫ №1**

**Күн тәртібінде:** 1. Өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жоспарлау.

2. Мектеп оқушыларына Өзін-өзі басқару органдарының жұмысын таныстыру.

**Катысқандар:** Фракция мүшелері, 8-11 сынып білім алушылары.

**Мерзімі:** 26.09.2024

Бірінші мәселе бойынша Талапкер ауылының «ІТ мектеп-лицейі» 8-11 сынып оқушыларының бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қогам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелу мақсатында өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жүргізу жоспары құрылыш, мектеп директорының м.а. Шакирова Б.М. бекітті.

Екінші мәселе бойынша оқушыларға Қазақстан Республикасының білім беру үйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламент» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары түсіндірліді.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп, колледж, жоғары оку орны әкімшілігінің талптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар, студенттер мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру үйымын бірлесіп басқаруга, оқу-тәрбие процесін үйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қогам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірынғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру үйымын басқаруга қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен курдастарына қызындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қылыштастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру үйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінезд-құлық дагдыларын, үйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дагдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуга ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылары, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғага қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестердің күрметтеу қагидаттарына негізделеді.

Парламент күрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салуатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шыгармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.
8. Экология және еңбек фракциясы.

Парламент Президенті қажет болған жағдайда білім беру үйімінің түрлі алқалы органдарының отырыстарына катысады.

Парламентті басқарудың негізгі нысаны – жобалық менеджмент тетіктерді тиімді басқарудың әмбебап технологиясы.

Парламенттің жобалық қызметінің бағыттары: экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шыгармашылық жобалар.

Күтілетін нәтижелер:

- адад, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас үрпағы;
- қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;
- білім алушыларды қызыгуышылдықтары бойынша жобалық қызметке тарту;
- барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландырылатыны айтылды.

**Қаулы:** 1. Өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жоспары қанагаттанарлы деп танылсын.

2. «Мектеп парламент» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы тындалды

Ага тәлімгер

Д.Н. Хасенова